

Ақтөбе облысы, Алға ауданы

**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Алға аудандық білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Ақай орта мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылы бойынша  
өзін-өзі бағалауының қорытындысы**

2022-2023 оқу жылы

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Алға аудандық білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Ақай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің  
2022-2023 оқу жылы бойынша өзін-өзі бағалауының қорытынды

### АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсанындағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №186 бұйрығы (2023 жылғы 27 маусымдағы № 183 бұйрығы өзгерісімен).

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Кенжегулова Гулсим Амантаевна	Мектеп директорының міндетін атқарушы, Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
Иргалиева Гүлмира Жағыпарқызы	Мектеп директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары;
Уразова Алтынгүл Есенжановна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Ермаганбетова Гайша Сериқовна	Кәсіподақ төрайымы, педагог-зерттеуші
Бердеева Раушан Муратовна	Қазақ тілі пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

«Ақай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне  
жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасының Алға аудындық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2021 жылы 25 қаңтар «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі берген сериясы № KZ 84LAA0020029 мемлекеттік лицензия «бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру қызметімен» бар. Мемлекеттік лицензияның қолдану мерзімі – шектеусіз.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон алынды.

Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасынан берілген медициналық қызмет көрсету туралы лицензия № 10409DD алғашқы берілген күні 30.05.2011ж.лицензиясы бар «көшірме жалғанды»

31.08.2022 ж. 2022-2023 оқу жылына мектептің дайындығы АКТ сі жасалған. Мектепте 1-11 сынып аралығында 14 сынып комплекті, 17 сынып бар, 1-4-сыныптарда -7 сынып, 5-9-сыныптарда -8 сынып, 10-11-сыныптарда барлығы- 2сынып бар.

Заңды мекен-жайы: 030205, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Алға ауданы Ақай ауылдық округі Ақай ауылы Фоменко көшесі-41А БСН/ЖСН 970440002407 Электрондық мекен-жайы: [ilinka\\_mektep@mail.ru](mailto:ilinka_mektep@mail.ru), Тел-факс: 8 -7133771160

Мектептің техникалық паспорты 08.11.2015 мектептің жалпы ауданы-1952ш метр, 2 қабаттан тұрады, құрылыс түрі-бейімделген, салынған жылы-1994ж, кадастрлық № 02-022-011-017(көшірме қосымша ұсынылады).

«Ақай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде алғашқы тіркелген күні 30.04.1997, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №469 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);

«Ақай орта мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі»; Құрылтайшысы-«Ақтөбе облысының әкімдігі».

Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

Мектептің қаржы-экономикалық жағы Аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.

«Ақай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2016 жылы өтті. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2 желтоқсанында 2016 жылы «аттестатталған».

#### **Мекеме қызметінің мақсаты мен міндеттері, құндылықтары**

1. Мекеме қызметінің мәні бастауыш, негізгі орта білімнің беру бағдарламаларын және оқушыларға тереңдетіп, бейіндетіп, саралап оқыту, сондай-ақ қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруі үшін қолайлы жағдайлар жасау.

2. Мекеме қызметінің мақсаты имандылық, зияткерлік, мәдени тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесін қалыптастыру болып табылады.

3. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру арқылы функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген базистік ғылым негіздерді алуын қамтамасыз ету;

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру,

4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға және қоғамға қайшы келетін кез-келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

б) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушыларды интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пендене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылуда. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізіліп келеді. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

### **Мектептің даму жоспары 2022-2023 оқу жылы**

Тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, біліктілік деңгейін көтеру, шығармашылық ізденістерге жол ашу»

Басымдығы: - бірлескен қызметті ұйымдастыру арқылы мектеп педагогтарының кәсіби шеберлік деңгейін арттыру.

Мақсаты:

- Мұғалімдер арасында ынтымақтастықты күшейте отырып, оқыту мен оқудағы жаңа әдіс – тәсілдерді сабақта тиімді қолдану жоларын ұйымдастыру.
- Оқушылардың функционалды білім алуы үшін белсенді әдістер мен технологияларды мұғалімдерің тәжірибелеріне енгізу,
- Бағалау арқылы үлгерімі нашар оқушыларды сабаққа тарту, белсенділіктерін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- Үйрете отырып үйренетін мұғалімдер, іздену, жан- жақты даму арқылы кәсіби шеберлігін арттырады.
- Қуатты педагогикалық құралдарын, әсіресе Lesson Study тәсілін қолдана отырып, барлық оқушылармен жұмыс жүргізуге қол жеткізеді.
- Оқытудың жаңа тәсілдерін сабақ үдерісіне енгізе отырып, сабақтың жаңа үлгідегі жоспарларын жасайды.

**Жұмыс түрлері:** сауалнама, семинар, шебер – сынып, коучинг – сессия, ЛС – сабақ, командалық ойын, дебат.

### **Мектептің даму жоспары**

№	Іс – шара атауы	Мақсаты	Күні	ресурстар	Жауапты адам	Мониторинг	Күтілетін нәтиже
1	Жұмыс жоспарының құрымын талқылау	Атқарылатын жұмыс бағытын айқындау	тамыз	Мектептің өндірістік жоспары. Есептер. МАН	Мектеп әкімшілігі Фокус-топ жетекшілері	Пікірлесу, хаттама	Білім беруде өзгеріс керек екенін түсінеді.
2	Педагогикалық кеңесте даму жоспарын бекітуге ұсыну, оқу үрдісінде жаңа тәсілдерді қолдануды жетілдіру мен өзгерістердің қажеттілігі жөнінде күн тәртібіне мәселе қою	Оқу мен оқытудағы өзгерістердің қажеттілігіне көз жеткізе отырып, мұғалімдерге жаңа тәсілдерді жетілдіруге жұмыстану.	тамыз	Әдістемелік нұсқау хат МАН		Педкеңес хаттамасы	Мектеп ұжымы жоспармен танысады және оқудағы өзгерістерді тәжірибеге енгізуді қолдау жөнінде шешім шығарады.
3	Мұғалімдерге тәлімгерлік жасау әдістемесі Мұғалімдерді тәлімгерлікке алу жұмысын ұйымдастыру	Мектеп мұғалімдерімен жаңа әдіс – тәсілдерді пайдаланып сабақтар өткізуді жоспарлау. Қоғамдастық мүшелерінің жұмысын бағалау. Бірлесіп әрекет ету, кәсіби даму жөніндегі ойларды талқылау.	қыркүйек	Оқу – әдістемелік құралдар Портал материалдары ӘНХ МАН сауалнама	Мектеп әкімшілігі ҒӘЖЖО	Сабаққа ену бетшілері Талқылау, бақылау, анализ, бейне жазба, рефлексізіз тік есеп хаттама	Мұғалімдер оқутудың жаңа әдістерін өз сабақтарында қолдануды үйренеді, өзара сенімді қарым – қатынас пайда болады. Тәлімгерлер мен тәлім алушылар анықталды.
4	Коучинг «Қысқ мерзімді сабақ жоспарын тиімді жоспарлаудың	Оқу үдерісі барысында туындайтын кедергілерді	25 қыркүйек	Оқу – әдістемелік құралдар		Коучинг жоспары Рефлексізіз тік есеп дәлелдемелер	Оқытуда туындауы мүмкін

	жолдары»	анықтау, оларды тиімді шешу жолдарын көрсету		портал материалдыра			барлық кедергілерге талдау жасайды және оларды шешу жолдарын ұсынады
5	Онлайн – семинар: «Педагог портфолиясы қалай жинақталады»	Мұғалімдердің коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту, оқыту үдерісінде АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдануды үйретеді.	28 қыркүйек	Интернет - ресурстар		Презентация Далелдемелер	Мұғалімдер өз сабақтарында оқу платформаларын мүмкіндіктерін қолданудағыларын жетілдіреді.
6	Мұғалімдерге арналған психологиялық тренинг	Мұғалімдер арасында сенімді қарым – қатынасты нығайту, өзара құрметтеу, өзін-өзі еркін сезіну	қыркүйек	Интернет ресурстар		Презентация Тренинг жоспары	Ұжым мүшелері арасында сенімді қарым-қатынас, ынтымақтастық нығаяды.
7	Lesson Study сабақты зерттеу әдісі бойынша бірлескен жұмыс, 3 сабаққа ену, іс-әрекетегі зерттеу	Өз құндылықтары мен мұғалімдердің көзқарастарын анықтау мақсатында ЛС-сабақ өткізу, даму басымдықтары мен проблемаларын анықтау	19 – 26 қазан	МАН ресурстар		Сабақ жоспарлары транскрипт, талдау, бақылау кестелері, рефлексивтік есеп	Өз құндылықтары мен мұғалімдердің көзқарастарын анықтау мақсатында сабақ өткізеді, жаму басымдықтары мен проблемаларды

							анықтайды
8	Кручинг «Табысты оқыту және құзырлы мұғалім»	Сабақты жоспарлау, сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану. Жапондықтардың Lesson Study тәсілімен оқушылардың назарын оқуға шоғырландыру арқылы оқытуды дамыту.	13 қараша	МАН ЛС нұсқаулығы		Сабақты бақылау құжаттары Рефлексивті есеп дәлелдемелер	Мұғалімдер Lesson Study үдерісінің маңыздылығын түсінеді, өзара ықпалда су әдісін үйренеді.
9	Lesson Study сабақты зерттеу бойынша бірлескен жұмысы, 3 сабаққа ену, іс-әрекеттегі зерттеу	ЛС әдісі ақылы АВС оқушыларды зерттеу	қараша	МАН ЛС нұсқаулығы		Зерттеу кестелері Кері байланыс транскрипт	Мұғалімдер Lesson Study кезеңдерін біледі, Толық үш циклды өткізеді, АВС оқушыларды зерттейді.
10	Коучинг «Оқу мен оқыту АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдануды үйретеді»	Көшбасшы мұғалімдер әріптестерінің кәсіби құзыреттілігін – қалыптастыруға ықпал жасайды	желтоқсан	Оқу әдістемелік құралдар Портал материалдары		Таныстырылым Кері байланыс, бағалау парақтары	Мұғалімдердің сабақ үдерісінде АКТ қолдану құзыреттіліктері жетіледі.
11	Lesson Study сабақты зерттеу әдісі бойынша бірлескен жұмыс, 3 сабаққа ену, іс-әрекеттегі зерттеу	Оқушылардың оқытуға реакциясын және мұғалім оқыту үдерісіне қандай әдістерді пайдалатынын зерттеу	желтоқсан	МАН ЛС нұсқаулығы		Сабақ жоспарлары транскрипт Талдау кестелері Рефлексивті есеп	Мұғалімдер сабақты бірлесіп жоспарлауды, оқушыны зерттеуді үйренеді.
12	Ата-аналарға арналған «Ашық есік» күнін ұйымдастыру	Ата-ана, мектеп, оқушы арасындағы ынтымақтастық	желтоқсан	Ақпарат көздер Білім сайттарын		Өту жоспары Кері байланыс	Ата-аналар мен мектеп



		орта қалыптастыру, ақпараттық – түсінік жұмыстарын жүргізу		ың материалдары таныстырылым			арасында ынтымақтастық нығаяды.
13	№2 коучинг – сессиясы «Білім мазмұның жаңарту аясында оқушылардың оқу жетістіктерін критерияларды бағалау»	ҚОКУ мен ДО оқу үдерісінде жүзеге асыруын зерттеу	қаңтар	Оқу-әдістемелік құралдар Портал материалдары		Таныстырылым МАН. Кері байланыс	Мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық іс-әрекет, тәжірибені өзгертпекшілік етіп, мектепті жетілдірудің тиімділігін арттырады.
14	«Қысқы тимблидинг» командалық ойын	Мұғалімдердің оқыту мен оқудың табыстылығын жетілдіру және өз әріптестерінің кәсіби дамуына ықпал ету	қаңтар	Спорттық инвентарь үлестірме материалдар		Өту жоспары Фото түсірілім Рефлексивті есеп	Көшбасшы мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөліседі, мұғалімдердің оқу мен оқытудағы табыстылығы жетіледі
15	Ата-аналарға арналған коучинг	Ата-аналарға қолдау көрсету, отбасы құндылықтары насихаттау	ақпан	Презентация Бағалау парақтары көшбасшы мұғалімдер		Рефлексивтік есеп Кері байланыс фото есеп	Ата-аналарға, оқушыларға қолдау көрсетілді, мектеп және ата-аналар арасындағы ынтымақ

							тастық нығаяды ,
16	Lesson Study сабақты зерттеу әдісі бойынша бірлескен жұмыс, 3 сабаққа ену, іс-әрекеттегі зерттеу 4А сыныбы	Зерттеу сабақты жоспарлау, өткізу, АВС деңгейіндегі оқушыларды зерттеу	ақпан	Презентация Бағалау парақтары Үлестірме материалдары		Сабақ жоспары, іс-әрекетті зерттеу тобының жазбалары, реклсивті есеп, кері байланыс	Мұғалімдер Lesson Study үдерісіннің маңыздылығын түсінеді, өзара ықпалда су әдісін үйренеді
17	Коучинг «Оқытуды басқару және көшбасшылық»	Бірлесе отырып, әрекет ету, кәсіби даму, көшбасшылық туралы ойларын талқылау	наурыз	Мектеп басшыларына арналған нұсқаулық оқу-әдістемелік құралдар		Коучинг жоспары Рефлексивті есеп Фото есеп	Көшбасшы мұғалімдер өздерінің тәжірибесімен бөліседі, мұғалімдер көшбасшылық туралы білімдерін толықтырады
18	Lesson Study сабақты зерттеу әдісі бойынша бірлескен жұмысы, 3 сабаққа ену, іс-әрекеттегі зерттеу 5А сыныбы	ЛС әдісі арқылы АВС оқушыларды зерттеу	наурыз	МАН ЛС нұсқаулығы		Зерттеу кестерлері Кері байланыс транскрипт	Мұғалімдер Lesson Study кезеңдерін біледі, Толық үш циклды өткізеді, АВС оқушыларды зерттейді
19	«Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында 8 сынып оқушылары арасында дебат	Оқушылардың тапқырлықтың және риторикалық қасиеттерін қалыптастыру	сәуір	Сергазиев А.С Мектеп тренері		Реклксифті есеп	Оқушылардың оқуға қабілетін

							жақсартуға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерін қолданады
20	Коучинг «Оқытуды жаңаша ұйымдастырудың мәні»	Көшбасшы мұғалімдер әріптестерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал жасайды	сәуір	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық Интернет-ресурстар		Фото бейне жазбалар	Желідегі топтармен байланыс орнатылады
21	Lesson Study сабақты зерттеу әдісі бойынша бірлескен жұмысы, 3 сабаққа ену, іс-әрекеттегі зерттеу	ЛС әдісі арқылы АВС оқушыларды зерттеу	Сәуір	МАН ЛС нұсқаулығы		Зерттеу кестелері Кері байланыс транскрипт	Мұғалімдер Lesson Study кезеңдерін біледі, Толық үш циклды өткізеді, АВС оқушыларды зерттейді
22	«Тимбилдинг» мұғалімдер арасында ойын	Мұғалімдердің оқыту мен оқудың табыстылығын жетілдіру, ынтымақтастық ортаның дамуына ықпал ету	мамыр	Флипчарт Маркерлер Флипчарттар үлестірме материалдар		Өту жоспары фото түсірілім Рефлексивті есес	Көшбасшы мұғалімдер өз тәжірибелерін бөліседі, мұғалімдердің оқу мен оқытудағы табыстылығы жетіледі, ынтымақтастық орта қалыптасады
23	Мониторинг тәжірибесіндегі өзгерістерді бағалау (эвалюация) . Оқу	Коучинг – сессияларына қатысқан мұғалімдердің					Жыл бойы оқыту нәтижесі

жылына рефлексивті есеп	кәсіби дамуын бағалау. Мұғалімдердің өз тәжірибесінде өзгерістер мен даму туралы рефлексиялық есебін жазуды үйрету					н бағалау
-------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--	--	-----------

Мектептің даму жоспарының мақсаты – оқу мен оқыту практикасына өзгеріс енгізе отырып, мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал ету, білім сапасын көтеру. Мектепті дамытуды жоспарлау үдерісінің нәтижесінде оқу мен оқытудың басымдықтары мен мақсаттарын белгіленіп, дәл қазір не істейтінің және не істемейтінің шешуге мүмкіндік береді. Осы бағытта МДЖ бойынша білім беру нәтижеге бағыттау арқылы білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын пайдалану, оқытудың тиімді технологияларын мектеп практикасына енгізу бағытындағы тәжірибе алмасу жұмыстары, Лессон – стади сабақты зерттеу сабақтары, мұғалімдерді түрлі коучинг-семинар, сайыс – байқау, тренингтерге қатынастыру жұмыстары жүргізіледі. Әдістемелік шараларды өткізуде кәсіби қоғамдастық аясында мұғалімдер арасында іс-тәжірибе алмасуды және қорытынды ретінде кері байланыс жасалады. Мектепті дамыту жоспарын жүзеге асыруда ата-ана, мұғалім, оқушы үштігі арасында байланыс маңызды болып табылады. Деңгейлік курстан өткен мұғалімдерді қозғаушы фактор ретінде бірлескен іс-әрекеті жасай отырып, мектеп ұжымында оң өзгеріс енгізілуде.

Мектепшілік бақылау оқу-тәрбие жұмысының мазмұнының, оқушылардың білім сапасы мен дағдыларының қалыптасуын қадағалайды. Дұрыс ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүргізілген бақылау мектеп ұжымы жұмысының жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға, шара қолдануға, мамандарға көмек көрсетуге, алдағы жұмыстарға түзетулер енгізуге, болжамдар жасауға негіз болады. Мектепшілік бақылау кезінде бақылау аспектілерін анықтауда білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары басшылыққа алынды. Сабақты бақылау 4 фокус аясында жүргізіледі: жоспарлау, оқыту мен оқу, бағалау және АКТ оқуда қолдану. Бақылау кезінде сабақ жоспарының талапқа сәйкестігі, сабақтың құрылымы мен пәндік мазмұнының, логикалық бірзділігі, сабақ мақсаттарының оқу мақсаттарына сәйкестігі, оқу мақсатында қол жеткізетін тапсырмалар мен белсенді әдістердің болуы, оқушылар қызметінің түрлері мен формаларына, қалыптастырушы бағалаудың ұйымдастырылуына, қолданған ақпараттық-технологиялық ресурстарға көңіл аударылады. Сабақтарды бақылау барысында мұғалімнің оқушыларды сабақтың мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін талдауды, білім

алушыларды белсенді оқу әрекетіне тартуды қалай ұйымдастырғанына, «оқушы – оқушы» және «мұғалім – оқушы» қарым – қатынас сипатына назар аударылды. Мұғалімдердің сабақ барысында қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыруы оқу үдерісінде қиындық көретін оқушыларға көмек көрсетуіне, әр оқушының оқу мақсатына жету деңгейін анықтауға және оның ілгерлеуін қадағалауына, өз бетімен оқуға, ынталандыруға мүмкіндік береді, Пәнді оқытуда АКТ мүмкіндігін қолдану оқушылардың оқу мақсатына табысты жетуіне көмектеседі.

### Бақылау нәтижесі бойынша қорытынды кесте

Параметрлер	Сәтті тұстары	Сәтсіз тұстары
<b>Жоспарлау</b>	<p>-Жоспарда сабақ тақырыбы, оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары, сабақ мақсаттары айқындалған.</p> <p>- Жоспардың әрбір кезеңінде оқу мақсатына сәйкес тапсырмалар мазмұны мен орындау алгоритму толыққанды нақты жазылған</p>	<p>-Мақсатқа жетуде тиімді стратегиялар саралау және оқушылардың бірлескен жұмыс формалары қамтуды жетілдіру.</p> <p>- Оқушылардың деңгейіне және жас ерекшелігіне сәйкес тапсырманы жоспарлауда таймменеджмент ескеру.</p>
<b>Оқыту мен оқу</b>	<p>Мұғалімдер өз пәнін терең меңгерген, сабақ барысында теориялық ақпаратты түсінікті жеткізеді.</p> <p>Мұғалімдер жекеленген оқушылардың қажеттілігіне қарай қолдау көрсетеді.</p>	<p>-Сабақтарда өзара талқылау мен пікірталас жүргізу, оқушылар тарапынан бір – бірін оқыту жүзеге асыруды дағдыға айналдыру.</p> <p>-Көп жағдайда топтық жұмыс талаптары сақталмағандықтан, тапсырма жеке орындалады. Мұғалім оқыту барысында ойлануға бағытталған ашық сұрақтар қою және оқушылар тарапынан сұрақ қоюға мүмкіндік беру қажет.</p> <p>-Оқушылардың тыңдалым дағдысын дамыту керек</p>
<b>Бағалау</b>	<p>Сабақ барысында оқушылардың кері байланыс беруіне мүмкіндік беріледі.</p> <p>Тапсырылмаларға алдын ала дескрипторлар анықталады.</p>	<p>Оқушылардың кері байланыстарында эмоциялық, әлеуметтік аспекті басымдық танытты, танымдық тұрғысынан дағдыны дамыту үшін тиімді стратегиялар қолдану ұсынылды.</p>
<b>АКТ құзыретілігі</b>	<p>Сабақта мұғалімдердің басым бөлігі АКТ-ны ақпараты визуалды қабылдау құралы ретінде қолданады.</p>	<p>Сабақтарда оқушылардың бірлескен оқуына интрактивті тапсырмалар аз беріледі, АКТ оқу жетістіктерін бағалау, өнім жасау мақсатында қолдануды назарда ұстау.</p>

**Істер номенклатурасы:**1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген **«Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі»** (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді)

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген **«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарының»**;  
3. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы «26» қыркүйегіндегі №1 педагогикалық кеңес хаттамасымен келісілген**«Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі»** негізінде құрастырылды.

Білім мекемесінің іс қағаздары:

- 01-Басшылық және бақылау
- 02-Кадрлармен жұмыс
- 03-Оқушылармен жұмыс
- 04-Оқу бөлімі
- 05-Оқу-әдістемелік бөлімі
- 06-Оқу-тәрбие бөлімі
- 07-Психолог кабинеті
- 08-Кітапхана
- 09-Медициналық кабинеті
- 10-Шаруашылық бөлімі
- 11- Әлеуметтік педагогтың жұмысы
- 12 - Кәсіподақ комитеті.

Өзін-өзі бағалау кезінде номенклатураға құжаттар реті номенклатураға сәйкес жүргізілген, құжаттар реті номенклатураға сәйкес.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

**1) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу**

тізілімінде №8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) сәйкестігі.

2022-2023 жұмыс оқу жоспарлары тексерілді.

2022-2023 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;

1-4 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 1,2-қосымшасы;

5-9 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6,7-қосымшасы;

10-11 сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 39-қосымшасы);

7 сыныптағы үйден оқыту №412 бұйрықтың 6 қосымшасының 10 тарауымен қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын зиятының жеңіл түрде бұзылыстары бар оқушыға сай 10 сағаттық жүктемемен оқыды. Оқушыға арнайы сабақ кестесі бекітіліп, пән мұғалімдерінің КТЖ лары бекітіп жұмыс жасалды.

«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б. басшылыққа алынған.

**2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

2022-2023 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен

толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығы негізіндегі стандартқа, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16-қыркүйектегі №399 бұйрығына негізделген оқу бағдарламасымен жүзеге асырылған.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығы негізіндегі стандартқа, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16-қыркүйектегі №399 бұйрығына негізделген оқу бағдарламасымен жүзеге асырылған. (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылған.

10-11сынып Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығы негізіндегі стандартқа, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16-қыркүйектегі №399 бұйрығына негізделген оқу бағдарламасымен жүзеге асырылған. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы)

	Пәндер	Сыныптар	ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығы	ҚР Оқу ағарту министрлігінің бұйрығы
			I тоқсан	II, III, IV тоқсан
«Бастауыш сынып»	Математика, 6-қосымшасы	1-4	№199, 10.05.2018	№399, 16.09.2022
	Дүниетану, 8-қосымшасы	1-4	№199, 10.05.2018	№399, 16.09.2022
	Жаратылыстану, 7-қосымшасы	1-4	№199, 10.05.2018	№399, 16.09.2022
	Әдебиеттік оқу, 13-қосымшасы	1-4	№199, 10.05.2018	№399, 16.09.2022
	Қазақ тілі, 12-қосымшасы	1-4	№199, 10.05.2018	№399, 16.09.2022
	Көркем еңбек, 10-қосымшасы	1-4	№199, 10.05.2018	№399, 16.09.2022
	Әліппе, 1-қосымша	1-4	№496, 27.11.2020	№399, 16.09.2022
	Ана тілі, 2-қосымша	1-4	№496, 27.11.2020	№399, 16.09.2022



«Математика, физика, информатика»	Математика	5-9	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022
	Математика	10-11	№105, 7.03.2019	№399, 16.09.2022
	Физика	7-9	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022
	Физика	10-11	№105, 7.03.2019	№399, 16.09.2022
	Информатика	5-9	№334, 26.07.2019	№399, 16.09.2022
	Информатика	10-11	№105, 7.03.2019	№399, 16.09.2022
	Көркем еңбек	5-9	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022
	музыка	1-4	№199, 10.05.2018	№399, 16.09.2022
	музыка	5-6	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022
	Дене шынықтыру	1-4	№199, 10.05.2018	№399, 16.09.2022
	Дене шынықтыру	5-9	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022
	Дене шынықтыру	10-11	№105, 7.03.2019	№399, 16.09.2022
	АӘТД	10-11	№154, 21.04.2020	№399, 16.09.2022
«Ағылшын тілі, Орыс тілі»	Ағылшын тілі	1-4	№199, 10.05.2018	№399, 16.09.2022
	Ағылшын тілі	5-9	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022
	Ағылшын тілі	10-11	№105, 7.03.2019	№399, 16.09.2022
	Орыс тілі	1-4	№199, 10.05.2018	№399, 16.09.2022
	Орыс тілі	5-9	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022
	Орыс тілі	10-11	№105, 7.03.2019	№399, 16.09.2022
	Қазақ тілі	5-9	№334, 26.07.2019	№399, 16.09.2022
	Қазақ тілі	10-11	№334, 26.07.2019	№399, 16.09.2022
	Қазақстан тарихы	5-9	№334, 26.07.2019	№399, 16.09.2022
«Қазақ тарих»	тілі,			

	Қазақстан тарихы	10-11	№334, 26.07.2019	№399, 16.09.2022
	Дүниежүзі тарихы	5-9	№334, 26.07.2019	№399, 16.09.2022
	Дүниежүзі тарихы	10-11	№334, 26.07.2019	№399, 16.09.2022
Жаратылыстану	География	7-9	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022
	География	10-11	№105, 7.03.2019	№399, 16.09.2022
	Биология	7-9	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022
	Биология	10-11	№105, 7.03.2019	№399, 16.09.2022
	Химия	7-9	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022
	Химия	10-11	№105, 7.03.2019	№399, 16.09.2022
	Жаратылыстану	5-6	№545, 25.10.2017	№399, 16.09.2022

**3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жана білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;**

Қазақстандық білім беруді жаңғырту тәрбиені білім берудегі маңызды басымдық ретінде оқыту мен дамыту процесі кіріктірілген педагогикалық іс-әрекеттің құрамдасы болуын көздейді. Оқытудың өмірмен байланысының күшейтілуі оң әдістерінің тәрбиелік ықпалын күшейту туралы, тәрбие және білім беру жұмыстарының бірлігі жағдайындағы мәселені алдыңғы орынға шығаруда.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие міндеттері:

1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.

2) оқушылардың оқу іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғыну.

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту.

отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу; қазақ және басқа да этностар мен Қазақстанның этностық топтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру.

4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.

5) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.

6) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.

7) әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-ана бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.

8) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.

9) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.

10) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

11) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу және жасөспірімдер арасындағы нашакорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеу, «кәтер» тобындағы балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабақтарына барынша тарту.

12) Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

**4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;**

#### **Рухани-адамгершілік тәрбиесі.**

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, молальдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Мектеп бойынша әр жылдың қыркүйек айында 1-9 сыныптар арасында тілдер мерекесіне орай «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» тақырыбында іс-шаралар бекітілген жоспар негізінде өткізіледі. Онкүндік барысында мектеп оқушылары жергілікті ақын-жазушылармен кездесу ұйымдастырып, «Қарттарды құрметте!» қайырымдылық акциясына белсене ат салысып, үй-жайларына көмек көрсетті.

Қазіргі қоғамда көп балалы, аз қамтылған, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына демеушілік таныту, көмек беріп, қолдау көрсету мақсатында мектеп бойынша «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары ұйымдастырылып, жыл бойына осы санаттағы балаларға ерекше көңіл бөлініп, қолдау танытылды.

Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалану, тәрбиелік шаралардың нәтижесін арттыру, әр оқушыны қоғамның белсенді және саналы азаматы етіп тәрбиелеу – мектептің тәрбие бағытындағы негізгі педагогикалық әрекет ретінде қарастырылады. Мектепте балалардың қызығушылығын қанағаттандыру мақсатында түрлі үйірме, спорттық секция, факультатив сабақтар дұрыс жолға қойылып, қалыпты ұйымдастырылған. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері «Дені саудың-жаны сау» атты тоқсан сайын денсаулық күндерін өткізіп, кросс, эстафеталық жарыстар

ұйымдастырса, 1-желтоқсан «Халықаралық ЖҚТБ-ға қарсы күрес» күніне орай мектепшілік бекітілген жоспар бойынша іс-шаралар өз дәрежесінде жүргізілді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері «Біз салауатты өмір сүреміз!» атты айдармен 7-9 сыныптар арасында спорттық жарыс өткізді. Оқушыларды шығармашылық үрдіске тарту және Қазақстан мәдениеті құндылықтарына, қазақ халқы дәстүрлеріне баулу, моральдық-этикалық нормаларды меңгерту жолымен жалпы мәдениетті, руханилықты қалыптастыру мақсатында «Қарттарым-асыл қазынам», «Ұстазым-ұлағатым», «Тұңғыш Президент күніне орай «Елім деп туған Елбасы», «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес Елбасының Жарлығымен 1 Наурыз – Алғыс айту күні деп жариялануына байланысты жас жеткіншек ұрпаққа адамгершілік, имандылық, әдептілік тәрбиесі мен ата-анаға, ұстазға деген құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында іс-шаралар жоспары жоғары деңгейде дұрыс ұйымдастырылып, өткізілді. Мереке қарсаңында «Ата-анам–алтын тұғырым» тақырыбында оқушылардың шығармашылығынан фотосуреттер көрмесі жабдықталып, безендірілді. Сонымен қатар «Алғысым шексіз ана» тақырыбында 5-9 сыныптар бірлесе ұйымдастырған ата-аналардың қатысуымен мерекелік кеш өткізілді.

Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру мақсатында 1-9 сынып жетекшілері «Мейірімділік. Адамгершілік. Ізеттілік» атты тәрбие сағаттарын өз деңгейінде өткізді.

### **Азаматтық-патриоттық тәрбие**

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, олардың ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін оқып-үйрену және насихаттау мақсатында арнайы мектепшілік бекітілген жоспарға сәйкес 1-9 сынып оқушыларының Мемлекеттік Рәміздерді қайталап, еске түсіруі барысында мақсатты іс-шараларды дұрыс ұйымдастыру үшін сынып жетекшілерге арнайы тапсырмалар берілді. Әр жыл сайын әр аптаның дүйсенбі күндері 1-9 сынып оқушылары күнделікті сабақты Мемлекеттік Гимнді ауызша орындау тәртібі бойынша бастауды дәстүрге айналдырған, бүгінде орындалып отыр. Жыл басынан мектеп кітапханасы және сынып бөлмелерінде Мемлекеттік Рәміздерге арналған «Рәміздерім-мақтанышым» атты арнайы сынып бұрышы жабдықталып, безендірілді. Мектеп кітапханасында «Мемлекеттік Рәміздерді біл және құрметте!» тақырыбында әдістемелік бұрыш жасалынып, құқықтық тәрбие

мектебі, сынып жетекшілері, оқушылардың басқару ұйымы мен «Жас полиция» көмекшілерінің тарапынан жыл бойына насихаттау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар «Мемлекеттік рәміздер - тәуелсіздік тірегі» атты кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Мектеп бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

2023 жылдың 15 желтоқсанында Еліміздің нағыз патриоттары, білімге құмар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, қайсар жастарды тәрбиелеу мақсатында Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан", "Жас Қыран" ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. "Жас Қыран" төсбелгісін табыстады. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тәрбиелеу мақсатында «Рухани жаңғыру- мектеп оқушыларының ғылыми ізденістерін ұлттық құндылықтар аясында әлеуметтендірудің негізі» атты облыстық семинар, сауалнамалар, лекция- семинарлар, «Құқық және біз» құқық айлығы, тоқсандық денсаулық күндері, патриоттық әндер байқауы, саптық байқау өз деңгейінде ұйымдастырылып, өткізілді.

### **Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие**

Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. Табиғатқа теңдессіз құндылық ретінде және туған ел табиғатына деген қатынасты тәрбиелеуді болжайды. Қоғамда маңызға ие болуға деген ұмтылысын жүзеге асырудың белгілі тәсілін меңгерген, өзінің қалауына сай белгілі бір еңбек әрекетіне дайындығын қалыптастыру мақсатында «Еңбек сыры неде?» тәлім сабағы, «Менің болашақ мамандығым» сауалнама, «Мектеп өз түлектерін мақтан етеді» интерактивті сабағы жоспарланып өткізілді. Мектеп кітапханасында, оқу кабинеттерінде «Мамандықтың бәрі жақсы, тек таңдай біл!» атты стенд жабдықталып, арнайы бұрыштар ұйымдастырылды.

### **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.**

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Оқушыларға жеке бас гигиенасын сақтауға, дұрыс тамақтануға, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға, жаман әдеттерден сақтандыру, ішімділік пен темекінің жас организмге зиянды екенін насихаттап отырды. Оқушыларды жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге баулып салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеуде жұмыстар жүйелі жүргізілді.

**5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);**

10-11 сыныптар 2022-2023 оқу жылында жаратылыстану-математика бағытында оқыған.

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 1,2,6,7,8б-қосымшаларымен жасалған оқу жоспары негізінде оқытылды. Оқу жоспарындағы таңдалған қосымшаларда оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері жоқ.

**б) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру**

